

Астана қаласы әкімдігінің
«Арт-терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы» МКҚК

**Педагогтерді лауазымға тағайындау жөніндегі конкурстық комиссия
отырысының № 9 хаттамасы**

Күні: 12.08.2024ж.

Откізілетін орны: Сарыарқа ауданы, О. Жангелдин көшесі 1, Арт-терапия
басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде:

1. Комиссия мүшесімен таныстыру.
2. Конкурсе және бос лауазымның болуы туралы ақпаратты тарату.
3. Бос лауазымдарға үміткерлердің түйіндемесін қабылдау мерзімі:
4. Бос және уақытша бос орындарға үміткерлердің өтініштері мен құжаттарын карау және жұмысқа қабылдау.
5. Комиссияның шешімі.

Тыңдалды: Сагитова С.К. – комиссия төрайымы, әдіскер

Бірінші сұрақ бойынша комиссия құрамымен барлық үміткерлерді таныстырды. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығының 96-тармағы негізінде педагогтерді лауазымға тағайындау жөніндегі конкурстық комиссия құрамын атап өтті.

Комиссия төрайымы: Сагитова С.К – төрайымы балабақша әдіскері

Комиссия құрамы:

1. Молдабекова Г. А – инновация әдіскері
2. Рахметова К. О. - ардагерлер кеңесінің төрайымы
3. Асылбекова Г. К. - педагог -зерттеуші балабақша музыка жетекшісі
4. Дуйсенбаева С. Ж. - балабақша тәрбиешісі
5. Нуранова Ж. А - балабақша тәрбиешісі кәсіподақ мүшесі
6. Бахишева К. К - педагог- маман хатшы

Қабылдау комиссиясының отырысы бақылаушысы - Исина Нагима Саткеновна «Әдістемелік орталық» әдіскері.

Екінші мәселе бойынша бос орындар бойынша педагог мамандарға қажеттілік туындауына байланысты мектепке дейінгі ұйымның жеке сайтына тәрбиеші-педагог – 5(5,625 мөлшерлеме), казак тілі мамандары - 2(2,25 мөлшерлеме), музыка жетекшісі - 1(1,5 мөлшерлеме), логопед- 1(0,5

мөлшерлеме) дефектолог-1 (0,5 мөлшерлеме) лауазымдары бойынша бос орынға конкурс жарияланды. Конкурса қатысушылардан түйіндемелері мен құжаттары Enbek.kz, электрондық почта және балабақшаның мекен жайы бойынша қабылданды.

Үшінші мәселе, бос лауазымдарға үміткерлердің түйіндемесін қабылдау мерзімі: 25 шілде-2 тамыз 2024ж. Конкурса қатысу үшін түйіндемелерін жіберіп құжат тапсырғандардың саны – 11 үміткер. Солардың ішінде 6 үміткер құжат тапсырды. Солардың ішінде 5 үміткердің құжаты толық, талапқа сай қабылданып, комиссия мүшелерінің қаралуына жіберілді.

Төртінші мәселе, тәрбиеші лауазымы бойынша 2 түйіндеме келіп түсті. Түйіндеме бойынша қарастырылған үміткерлердің конкурса қатысу үшін тиісті талаптарға сәйкес құжаттар талап етілді. Талап бойынша барлық құжаттарын толығымен тапсырған үміткер А.Н.Амантаева болды. Екінші үміткер А.Р.Аязбаева талапқа сәйкес толық құжаттар тапсыра алмады.

Музыка жетекшісі лауазымы бойынша келіп түскен түйіндемелер біреу ғана болды. Аталған үміткер Г.Ф.Васеваның құжаттары талапқа сәйкес келіп тұрғанымен, мемлекеттік тілді жетік білмейді.

Педагог-психолог лауазымы бойынша 2 түйіндеме келіп түсті. Олардың ішінде Ж.Қ.Медетованың құжаттары талапқа сәйкес келеді.

Қазақ тілі мұғалімі лауазымы бойынша 6 түйіндеме келіп түсті. Олардың ішінде 2 үміткер (Айтмағанбетова Р.Б. және Аханова Д.Р.) құжаттарын толығымен талапқа сәйкес тапсырды.

Дефектолог, логопед лауазымдары бойынша үміткерлер болмады.

Осы аталған педагог үміткерлердің құжаттары қаралып, бос орындарды толтыру үшін тиісті лауазымдарға педагогтерді таңдауымыз кажет.

Комиссия мүшесі Г.Асылбекова сөйледі:

Мен музыка жетекшісі лауазымы бойынша үміткердің құжаттарын қарап шықтым. Талапқа сәйкес келеді. Енді Гузаль Файзхановнадан фортепиано аспабында ойнап беруін сұрағым келіп тұр. Педагог фортепианода ойнап берді. Тағы бір сұрақ «Кіші топтарда қандай дидактикалық ойындар мен материалдарды қолданатын едіңіз?».

Комиссия мүшесі С.Дуйсенбаева сөйледі: Тәрбиеші лауазымы бойынша үміткер Айтжан Нурбековна ханымға сұрағым бар:

1. «Ортаңғы топтарда, қандай дидактикалық ойындар мен материалдарды қолданатын едіңіз?».

2. Сіздің ойыңызша, балабақшалардың жақсы тәрбиешілері қандай жеке және кәсіби қасиеттерге ие болу керек деп ойлайсыз?

Комиссия мүшесі К.Рахметова сөйледі: қазақ тілі мұғалімі лауазымы бойынша үміткерлердің құжаттарымен таныса отырып мынадай сұрақ қойғым келіп отыр.

1. Өзіңіздің оқыту әдістеріңіз туралы айтып берсеңіз.

2. Қазіргі таңда балабақшаларда ұлттық құндылықтарды насихаттау жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы бойынша қандай инновациялық ойлармен бөлісер едіңіз?

Комиссия мүшесі К.Бахишева сөйледі: Педагог-психолог лауазымына үміткер Ж.Қ.Медетоваға бір-екі сұрақ қойсам деп едім.

1. Неге сіз балабақшада жұмыс істеуді таңдап отырсыз ?
2. Сіздің психолог ретінде күшті жағыңыз неде?

Сөйледі әдіскер Сагитова Салтанат Кузайфаевна: Педагогтер қойылған сұрақтарға түгелдей жауап бере алды. Бағалау 20 балдық жүйе бойынша негізгі өлшемшарттар бойынша жүргізілді. Бағалау парақтарына ұпайларды комиссияның мүшелері балл жүйесімен қойды. Әңгімелесу нәтижесінде үміткер «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының» 11-қосымшасына сәйкес бағаланды (бағалау парағы қоса тіркелді).

Комиссия отырысының шешімі:

Астана қаласы әкімдігінің «Арт-терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы» МКҚК-ның конкурстық комиссия мүшелері бірігіп мынадай шешім қабылдады:

1. Музыка жетекшісі лауазымына үміткер мемлекеттік тілді жетік меңгергермегендік жұмысқа қабылдаудан бас тартылды. Себебі балабақшада мемлекеттік тілде тәрбие мен оқыту жүргізіледі.
2. Тәрбиеші лауазымына – 1,125 мөлшерлемен Амантаева А.Н.;
3. Педагог-психолог лауазымына – 1,5 мөлшерлемен Медетова Ж.Қ.;
4. Қазақ тілі мұғалімі лауазымдарына – 1,125 мөлшерлемен Айтмағанбетова Р.Б. және 1,125 мөлшерлемен Аханова Д.Р. қабылданатын болып шешілді.

Логопед- 1 (0,5 мөлшерлеме) , дефектолог-1 (0,5 мөлшерлеме), музыка жетекшісі – 1 (1,5 мөлшерлеме), тәрбиеші – 4 (4,5 мөлшерлеме) лауазымдары бойынша кандидаттар болмағандықтан, 19 тамыз-30 тамыз аралығында қайта конкурс жариялансын.

Комиссия төрайымы:

Мүшелері:

С. Сагитова

Г. Асылбекова

С. Дуйсенбаева

Ж. Нуранова

К. Рахметова

К.Бахишева

Г.Молдабекова

Хатшы

Б.Агманова

«Әдістемелік орталық» әдіскері бақылаушы

Исина Н. С.